

Т.М. Үсенбаев, Г.Б. Алина, А.Т. Джумабекова, Ж.А. Тойжигитова, С.Ж. Есенгельдинова

*Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: temirbek.usenbaev@mail.ru)*

Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнестің даму ерекшеліктері

Шағын және орта бизнес — қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қозғаушы күштерінің бірі. Оның дамуы нарықтық қатынастардың қалыптасуына және орта таптың қалыптасуына ықпал етеді. Шағын және орта бизнестің икемділігіне, ұтқырлыққа және өзгеріп отырған нарықтық жағдайларға бейімделуіне байланысты әлеуметтік тұрақтылық, жұмыспен қамту және тұтынушылық нарықты қанағаттандыру проблемаларын шешуге болады. Мақалада Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнестің даму ерекшеліктері қарастырылған. Халық шаруашылығындағы және өңірлердегі кәсіпкерлік қызметті егжей-тегжейлі талдай отырып өздерінің көзқарастарын көрсете алған. Сондай-ақ мемлекеттегі шағын және орта бизнесті одан әрі дамытуда несиелі ұйымдарының рөліне ерекше назар аударылды. Ғылыми мақалада шағын және орта бизнестің экономикаға қосқан үлесінің төмендеу себептері, қаржыландырудың жетіспеушілігі, кәсіпкерлік қызметтің осы түрін несиелеуде екінші деңгейлі банктер тап болып отырған мәселелер егжей-тегжейлі қарастырылған. Шағын және орта бизнестің белсенді қатысуынсыз Қазақстан экономикасын модернизациялау және оны дамудың инновациялық жолына өткізу мүмкін емес. Мақала авторлары Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнесті қазіргі экономикада тиімді дамыту, оның ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуы туралы ұсыныстар жасады.

Кілт сөздер: шағын және орта бизнес, қаржы нарығы, субъект, кәсіпкер, нарықтық экономика.

Қай кезеңде болмасын шағын және орта бизнес (ШОБ) кез-келген мемлекеттің экономикалық дамуының басты буындарының бірі болып табылары анық. Дамыған елдерде экономикаларының басым бөлігін шағын кәсіпкерлік құрайтыны бәрімізге белгілі. Сондықтан біздің елімізде де шағын және орта бизнестің қуатты жұмыс жасауына көңіл бөлініп, табысты саланың өркендеуіне айрықша қолдаулар көрсетілуде. Елімізді отандық азық-түлік пен киім-кешектермен қамтамасыз ететін шағын және орта бизнестерді дамыта отырып, халықты жұмыспен қамту, ішкі нарықты бәсекелестік ортамен қалыптастыру мәселелерінің тиімді шешім қабылдауға байланысты.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, нарықтық экономикасы дамыған елдерде шағын және орта бизнес (ШОБ) ұлттық экономиканың дамуына, әлеуметтік мәселелерді шешуге және жұмыспен қамтылғандар санының көбеюіне айтарлықтай әсер етеді. Жұмысшылар саны жағынан өндірілген және сатылған тауарлар көлемі, орындалған жұмыстар мен қызметтер кейбір аудандардағы шағын және орта кәсіпорындар жетекші рөл атқарады. Сондықтан қазіргі кезде шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау мәселесі өте өзекті болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев халыққа жолдаған жолдауында 02.09.2019 ж. шағын, әсіресе, микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқаратындығына басты назар аудара отырып, ең алдымен ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс береді, жұмыссыздықты азайтады. Сонымен қатар, салық базасын құрап, жергілікті бюджеттің нығайтатындығына тоқталған.

Сондықтан мемлекет алдағы уақытта да бизнеске қолдау көрсете беретіндігін, осы мақсатқа Ұлттық қордан 100 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінеді делінді. Ол дегеніміз еліміздегі шағын кәсіпкерлердің жандануына және экономикамыздың қарқынды дамуына алып келері анық.

Елімізде кәсіпкерлікті дамыту мақсатында «2020 жылғы қаңтардан бастап, микро және шағын бизнес субъектілеріне тексеріс жүргізуге үш жылға тыйым салу және микро және шағын бизнес саласындағы жаңадан құрылған компанияларды негізгі қызмет түріне салынатын салықтан үш жылға босату туралы шешім күшіне енеді», — деп атап өтті [1].

Үкімет бірқатар саяси шаралар арқылы ШОБ дамуына қолдау көрсетуге ниетті. ШОБ қолдаудың негізгі шаралары «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры жүзеге асыратын «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасын қабылдау; Қазақстандық индустрияны дамыту институты іске асыратын «Өнімділік 2020» бағдарламасы; KAZNEX INVEST жүзеге асыратын «Қазақстан Республикасында инвестицияларды, арнайы экономикалық аймақтарды, экспортты дамыту және активтерді сауықтыру

және басқару компаниясы іске асыратын «Бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасы»

Сонымен қатар, 2016 жылдан бастап еліміздің Үкіметі арқылы кластерді дамыту бағдарламасын жүзеге асыруда және кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары шағын және орта бизнес үшін қажет ақпаратқа қол жетімділік пен компанияның тіркеуден бастап кең ауқымды тақырыптар бойынша көмек алу үшін бірыңғай терезелер ретінде жұмыс істейді.

ҚР Үкіметтің бизнесті қолдаудың белсенді саясаты жаһандық экономикалық құлдырау кезіндегі ШОБ дамуына оң әсерін тигізеді деп сенеді.

Дүниежүзілік банк DoingBusiness жүргізген соңғы сауалнамасында Қазақстанды бизнесті жүргізудің қарапайымдылығы бойынша 49-орынға иеленді және оны үш немесе одан да көп салада (бизнесті бастау, мүлікті тіркеу және төлем қабілетсіздігін шешуде) айтарлықтай жақсартуларға қол жеткізген он елдің қатарына қосты.

Сондай-ақ, 2015 жылғы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін талдау Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есебінде әлемнің 140 елінің ішінде 42 орынға ие болғандығын атап өткен жөн (1-сурет).



Ескерту. Авторлармен құрастырылған [2]

1-сурет. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік үшін Дүниежүзілік экономикалық форумның кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі туралы мәліметтер

ТМД елдері арасында Қазақстан рейтингте Әзірбайжаннан кейін екінші орында (40 орын). Ресей 45-орын, Грузия — 66-орын, Украина — 79-орын, Тәжікстан — 80-орын, Армения — 82-орын, Молдова — 84-орын, Қырғыз Республикасы — 102-орын [2].

Қазақстанның позициясы едәуір жақсарғанын инновациялық даму факторы байқады (78; +11). Осылайша, инновация (72; +13) және бизнестің бәсекеге қабілеттілігі (79; +12) бойынша ілгерілеуге қол жеткізілді. Сонымен қатар, Қазақстанның институттар рейтингтік факторы (50; +7) және қаржы нарығының даму факторлары (91; +7) бойынша жақсарды. Айта кету керек, Қазақстанның позициясы еңбек нарығының тиімділігі факторы бойынша (18; -3) өткен жылмен салыстырғанда 3 тармаққа нашарлады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті — Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында экономикадағы шағын және орта бизнестің үлесі 2030 жылға қарай екі есеге артуы және 2050 жылға қарай экономиканың бұл саласы басымдыққа ие болатындығы айтылған [3].

Статистикаға сәйкес, Қазақстанның ЖІӨ-де ШОК үлесі 26 % құрайды, Еуропа елдерімен салыстырғанда бұл көрсеткіш екі есе үлкен және ШОК барлық еуропалық бизнестің 99 % құрайды және жұмыс істейтін халықтың жартысы жұмыспен қамтылған.


Шағын бизнес Қазақстан Республикасында белсенді түрде дамып келеді, алайда даму сапасы жаһандық көрсеткіштерден едәуір артта қалып отыр. ШОБ ЖІӨ-нің 25,6 % құрайды (дүниежүзілік орташа — 63 %)

Қазақстандағы шағын бизнес ЖІӨ-нің 25,6 % -ын құрайды, ал ШОК жұмыскерлерінің үлесі ұлттық еңбек нарығының 36 % құрайды.

Ұлттық экономика ауқымында Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің танымалдығы артып келеді, бірақ қызмет қарқыны өте аз — Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік белсенділік деңгейі әлемдік деңгейден екі есе төмен (ЖІӨ-нің 63 % және жұмысшылар санының 47 %).

2-суретке сәйкес өңірлер арасында ШОК жалпы өңірлік өнімнің қалыптасуына едәуір ықпал Нұр-Сұлтан қаласында байқалады — ЖӨӨ 46 %, БҚО (40 %) және Алматы (29 %).

ШОК құрылымында сауда қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлердің және жоғары біліктілікті қажет етпейтін салалардың дәстүрлі үстемдігі байқалады. Сонымен бірге әлемдік тенденция жоғары қосылған құны бар өнімдер өндірісіне көшу, инновациялық, тиімді өндіріс тетіктерін енгізу болып табылады (Қазақстан 2050). Елдің экономикасының тұрақты дамуы үшін отандық шағын және орта кәсіпкерлікті жетілдіру маңызды екені анық. Бұндай істерді анықтап, оның тиімді шешімін тапқан жағдайдағана экономикалық жетілдіруге қол жеткіземіз.




2-сурет. ЖІӨ-дегі ШОК субъектілері мен ШОК-тағы жұмысшылардың үлесі (%)

3-суретте көрсетілгендей, 2017 жылдың сәуір айының соңында Қазақстан Республикасында 800 мың кәсіпкер бар, бұл ШОК субъектілерінің 68 % құрайды. Бір жыл ішінде олардың саны 15 % азайды. Кәсіпкерлердің жартысына жуығы (47 %) сауда-саттықпен айналысады [4].

Жеке кәсіпкерде бір қызметкердің жылдық шығарылымы 3 мың долларды құрайды, ал шағын және орта бизнесте — 27 мың долларды құрайды.

Шағын кәсіпорындардың (заңды тұлғалардың) саны бір жыл ішінде 8 % өсіп, 191 мың бірлікті құрады. Шағын бизнестің көп бөлігі сауда саласында — 30 % және құрылыста — 16 % шоғырланған.



3-сурет. ШОК саны мен жұмыспен қамтылғандар саны (млн. адам)

2015 жылдан бастап ШОБ субъектілерін несиелеудің белсенді өсімі байқалды. Банктер берген несиелер саны 2014 жылдан бері 2,3 есе өсті. Өткен жылдың қаңтар айымен салыстырғанда несиелер көлемі 29 % -ға артып, 3 трлн теңгені құрады [5].

Алайда ШОБ-тің 19 % -ы ғана несие алады, ал қалғаны қайта қаржыландыру немесе басқа көздерден несие алады. Бұл көптеген кәсіпорындардың несиелік тарихы нашар немесе қажетті құжаттардың болмауына байланысты.

Шағын және орта кәсіпкерліктің осы көрсеткіштерінің өсуіне қарамастан, сыртқы ортаның нашарлауы және екінші деңгейлі банктердің экономиканы кредиттеуінің төмендеуі салдарынан кәсіпкерліктің осы сегментінің ел экономикасына қосқан үлесінің төмендеуі байқалады. Бүгінгі таңда ШОБ ЖІӨ-ге қосқан үлесі (ағымдағы мәліметтер бойынша) өткен жылғы 26,2 % -бен салыстырғанда 25,6 % құрайды.

Шағын және орта бизнестің келесі бір тиімді ерекшелігі ұжымдық еңбекке ұмтылуы, жұмыс орнын сақтап қалуға тырысу және пайдаға қатысуға негізделген жұмыс нәтижесінің максималды болуына мүдделілік танытады. Ірі компаниялар кәсіби менеджерлерді жалдайды, ал олар акционерлердің барлық талпыныстарының ерекшеліктерін білмейді, нәтижесінде басқару проблемаларына алып келеді, ал шағын кәсіпорындарда құрушының өзі менеджер, бір тұлға, сондықтан бұл жерде ешқандай түсініспеушілік мәселесі туындамайды» [6].

Мұның себебі шағын және орта бизнесті дамытудың негізгі проблемалары — қаржыландырудың жеткіліксіздігі, ірі қалалардан тыс өтімді кепілзаттың болмауы, ШОБ несиелеу кезінде екінші деңгейлі банктердің кедергілері және сату нарықтарына қол жетімділіктің болмауы.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігі ШОБ қолдаудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Басты артықшылығы, бұл мемлекеттің серіктес ретінде қатысуы. Мемлекет жобаны жүзеге асыру үшін жер бере алады, инвестициялық және пайдалану шығындары мен басқа да мемлекеттік қолдау құралдарына өтемақы төлей алады.

Сондай-ақ, Қазақстандағы ШОБ тиімді дамуы үшін мыналарды атап өту қажет:

- салықтық және кедендік әкімшілендіруді ырықтандыру;
- білікті менеджерлердің, инженерлердің және т.б. Қазақстанның еңбек нарығына қол жетімділікті ырықтандыру;
- мемлекеттің бизнестен шығуы;
- реттеуді ырықтандыру.

Осыдан еліміздегі өңірлердегі халықтың төмен төлем қабілеттілігі, бұл кәсіпкерлерге пайда табуы қиындататындығы мен соңғы өнімнің өзіндік құны төмен болғандықтан, кәсіпорындарда жоғары өнімді және қымбат жабдықты қолданудың тиімділігі туралы сұрақ туындайды. Тағы бір проблема — бұл кәсіпорынның дамуы үшін «арзан» ақшаны тарту мүмкіндігі. Қазақстанда ШОБ дамыту кезінде ШОБ өкілдері арасында басқару дағдылары жетіспейді, мысалы, жобаны басқару сияқты дағдылар осы салада өте маңызды [7].

Қазіргі таңда еліміздегі шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау көп деңгейлі сипатта: салық жүктемесін азайту бойынша шаралар қабылданады, мемлекеттік тексерістен үш жылға дейін босату, пайызы төмен кредиттік қол жетімділікті жеңілдіктер жасалуда. Сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудағы халықаралық тәжірибелері ескеріліп, олардың жетілдіру механизмдері қарастырылған. Заңнамалық базаны қамтамасыз ету, ШОБ-тің инновациялық кәсіпорындарын қаржылық қолдау, Бизнес ашудағы жеңілдетілген процедуралар, әлсіз компанияларды қайта құрылымдау шаралары, Кадрлар дайындау және бірегей технологияларды дамыту, Мемлекеттік сатып алу жүйесін кеңейту арқылы ШОК-ке жәрдемдесу, ШОК тауарларын кепілдікпен сатып алу жүйесі, ШОБ-ті қолдаудың қаржылық емес құралдарын дамыту.

Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдау мемлекет кепілдіктерімен ұзақ жыл (10–15) мерзімге дейін, жеңілдікпен берілетін несие жылына төменгі пайызбен (5, 6 %) арнайы несиелермен қамтамасыз ету. Көрсетілетін қолдаудың аймақтық бағыттылықтары оның ішінде, инвестициялық үстемақылар мен субсидиялар, амортизациялаудың жеңілдігі бар тәртібі, ауылшаруашылығы жерлерін қалпына келтірудің мемлекеттік бағдарламалары негізделсе.

Шағын және орта бизнес нарықтық экономиканың ең негізгі бөлімдерінің бірі деп айтуға болады. Оған жоғарғы тиімділік, жылдамдық, ыңғайлылық сипаттарына сәйкес келулері керек. Экономиканы дамытудың қозғаушысы ретінде осы және басқада артықшылықтар ұлттық құндылықтары ретінде қаралады. Қазіргі уақытта шағын және орта бизнес сферасында миллионнан астам адамдар жұмыс істеуде, дегенмен шағын және орта бизнесті құрылуы мен өсуі жөніндегі мәселелерді одан әрі оқып білуді талап етеді: даму перспективаларын болжау және басқару, талдау, бағалаудың икемді және тиімді әдістерін дайындау.

Қазақстан Республикасының қазіргі қойып отырған міндеттерінің бірі, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту екендігі қыркүйектегі Еліміздің президентінің халыққа жолдауы дәлел. Шағын және орта бизнесті дамыту, әлеуметтік-саяси және экономикалық өрлеу жаңғыртудың басты құралы. Әсіресе, жеке меншіктің нақты өмірге жүзеге асуы және орта таптың қалыптасуының мемлекетімізде артқан сайын еліміз көркейіп, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарады. Сонымен бірге, шағын және орта кәсіпкерлік — экономиканың тиімді әрі нәтижелі секторы. Шағын және орта кәсіпкерлік жұмыссыздықты жоюда, нарыққа қажетті тауарларды жеткізуде, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде және экономиканы тұрақтандыруда шешуші фактор болып табылады.

Қорытындылай келе ауыл шаруашылық өнімдерімен айналысатын жеке кәсіпкерлердің мынадай іс-шараларын ескеру керек деп отырмыз. Ең бірінші ауыл әкімдерін жергілікті жеке кәсіпкерлердің (ЖК) бақша, жеміс-көкөніс дақылдарын өсіретін (қарбыз, қауын, асқабақ, картоп, қызанақ, қияр, сәбіз, пияз, бұрыш, асқабақ, алма, алмұрт, алша, шие, жүзім, қызылша, қырыққабат, кәді (бақлажан) өсімдіктерін) өнімдерін тікелей ірі қалаларда сату мүмкіндіктеріне жол ашу керек. Ол үшін қаланың әкімдерімен келісе отырып (қаладағы халықтың ең көп шоғырланған жерлерден орындар беруге) сатуларына мүмкіндік жасаулары керек. Екіншіден мемлекет сол өнімдерің тасымалдау үшін жағдайлар ұйымдастыру (көлік құралдарымен) қажет деп санаймыз. Ауылдың ЖК қолдау елімізді арзан отандық өнімдерімен қамтамасыз ете отырып, шағын және орта бизнестің толық қанды дамуына алап келері анық.

Мұның ең бірінші артықшылығы қаладағы халықты арзан отандық өнімдермен толық қамтамасыз етіп, шетелдің зиянды тауарларынан арылуымыз керек. Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырылып жатқан ауылшаруашылық жәрмеңкелері толық ауылдың ЖК өнімдері болғанмен, екінші (алып сататын) адамдар алып келіп сатуда. Бұл дегеніміз тікелей өндіретін ЖК өнімдерін, екінші адамдар пайда табу мақсатында қызметтер жасап күн көруде. Ал ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер ЖК төменгі бағамен өнімдерін сатып, кеткен шығындарын да ақтай алмауда.

Осыдан шағын және орта бизнесті дамытудағы негізгі көрсеткіштер:

- еліміздегі жұмыссыздықты азайтудың негізгі нысаны шағын және орта бизнес;
- шағын және орта кәсіпкерліктің ауылдық жерлерде дамыту;
- мемлекеттік жергілікті органдарының ЖК қолдау.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Первое Послание Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 02.09.2019 г. Конструктивный общественный диалог — основа стабильности и процветания Казахстана [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://mail.kz>.
- 2 Дүниежүзілік банк және КРҰЭМ СК мәліметтеріне байланысты есебі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://Ranking.kz>
- 3 Послание Президента Республики Казахстан — Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства» от 14.12.2012 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: www.akorda.kz
- 4 Смағұлова Г.С. Аймақтық экономиканы басқару мәселелері: оқу құралы / Г.С. Смағұлова. — Алматы: Бастау, 2005. — 520 б.
- 5 Аманбаев Ү.А. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы / Ү.А. Аманбаев. — Алматы: Бастау, 2012 — 432 б.
- 6 Шағын және орта бизнестің дамуына кедергі келтіретін факторларды талдау / Э.Е. Ахметова, А.Ж. Оспанбаева // С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің хабаршысы. — 2016. — № 4. — 97–103 б.
- 7 Данные Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций [Электронный ресурс]. — Режим доступа: www.moluch.ru

Т.М. Үсенбаев, Г.Б. Алина, А.Т. Джумабекова, Ж.А. Тойжигитова, С.Ж. Есенгельдина

Особенности развития малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан

Малый и средний бизнес — одна из основных движущих сил социально-экономического развития современного общества. Его развитие способствует становлению рыночных отношений и формированию среднего класса. За счет присущей малому и среднему бизнесу гибкости, мобильности и адап-

тивности к изменчивым рыночным условиям могут быть решены проблемы социальной стабильности, обеспечения занятости и насыщения потребительского рынка. Авторами рассмотрены особенности развития малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан. Проведен подробный анализ предпринимательской деятельности в масштабах национальной экономики и в разрезе регионов. Особое внимание уделено роли кредитных институтов в дальнейшем становлении малого и среднего бизнеса в государстве. Подробно исследованы причины снижения вклада малого и среднего бизнеса в экономику, недостаточности финансирования, проблемы, стоящие перед банками второго уровня при кредитовании данного вида предпринимательской деятельности. Модернизация экономики Казахстана и перевод ее на инновационный путь развития невозможны без активного участия малого и среднего предпринимательства. Авторами статьи даны рекомендации для эффективного развития малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан в условиях современной экономики, его стабильного развития в долгосрочной перспективе.

Ключевые слова: малый и средний бизнес, финансовый рынок, субъект, предприниматель, рыночная экономика.

T.M. Usenbaev, G.B. Alina, A.T. Jumabekova, Z.A. Toizhigitova, S.Z. Yessengeldinova

Development features of the small and medium businesses in the Republic of Kazakhstan

Small and medium-sized business is one of the main drivers of social and economic development of modern society. Its development contributes to the formation of market relations and the formation of the middle class. The inherent flexibility, mobility and adaptability of small and medium-sized businesses to volatile market conditions can solve problems of social stability, employment and saturation of the consumer market. The authors of the article reviewed the peculiarities of the development of small and medium-sized businesses in the Republic of Kazakhstan. A detailed analysis of business activities on the scale of the national economy and in terms of regions has been carried out. Special attention is paid to the role of credit institutions in the further formation of small and medium-sized businesses in the state. The scientific article explores in detail the reasons for the decline in the contribution of small and medium-sized businesses to the economy, insufficient financing, problems faced by second-tier banks in lending this type of business activity. In order to modernize Kazakhstan's economy and move it to an innovative development path, it is impossible without the active participation of small and medium-sized enterprises. The authors of the article made recommendations for the effective development of small and medium-sized businesses in the Republic of Kazakhstan in the conditions of the modern economy, its stable development in the long term.

Keywords: small and medium business, financial market, subject, entrepreneur, market economy.

References

- 1 Pervoe Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazakhstana ot 02.09.2019 h. «Konstruktivnyi obshchestvennyi dialoh — osnova stabilnosti i protsvetaniia Kazakhstana» [«Constructive public dialogue — the basis of stability and prosperity of Kazakhstan»]. *mail.kz*. Retrieved from <https://mail.kz> [in Russian].
- 2 Duniezhuzilik bank zhane KRUEM SK malimetterine bailanysty esebi [Report from the World Bank and IC KREMM IC]. *Ranking.kz*. Retrieved from <https://Ranking.kz> [in Russian].
- 3 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan — Lidera natsii Nursultana Nazarbaeva narodu Kazakhstana «Stratehiia «Kazakhstan – 2050»: novyi politicheskii kurs sostoiavshehosia hosudarstva» ot 14.12.2012 [«Strategy Kazakhstan-2050»: new political course of the established state»]. *akorda.kz*. Retrieved from www.akorda.kz [in Russian].
- 4 Smagulova, G.S. (2005). *Aimaktyk ekonomikany baskaru maseleleri [Problems of regional economy management]*. Almaty: Bastau [in Kazakh].
- 5 Amanbaev, U.A. (2012). *Kasiporyn ekonomikasy [Enterprise Economics]*. Almaty: Bastau [in Kazakh].
- 6 Akhmetova, E.E., & Ospanbaeva, A.Zh. (2016). Shahyn zhane orta biznestin damuyna kederhi keltiretin faktorlardy taldau [Analysis of factors contributing to the development of small and medium-sized businesses]. *S. Baishev atyndahy Aktobe universitetinin khabarshysy — S. Herald of Aktobe University named after Baishev*, 4, 97–103 [in Kazakh].
- 7 Dannye Ahentstva Respubliki Kazakhstan po rehulirovaniu i nadzoru finansovoho rynka i finansovykh orhanizatsii [By the Agency of the Republic of Kazakhstan on regulation and supervision of the financial market and financial organizations]. *moluch.ru*. Retrieved from www.moluch.ru [in Russian].